

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2024 жылғы 18 маусымдағы № 19/5 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2)-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының
төрағасы*

Қ. Жанғожин

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының
2024 жылғы 18 маусымдағы
№ 19/5 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Реттік сан	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,20
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,23
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,05
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,76
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,67
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,5
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,18
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,30
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,12
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	-
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м2	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супер маркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,35
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,51

16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м2	0,51
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,9
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,78
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,18
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	4,08
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,3
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	2,24
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,1
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,22
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	2,4
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының
2024 жылғы 18 маусымдағы
№ 19/5 шешіміне
2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинау және тасымалдау	Сұрыптау	Көму	Барлығы
	Құны, теңге (қосылған құн салығынсыз)			
Бір адамға	244	0	61	305

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК